



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Тазалық табалдырықтан басталады

Көктемнің шуақты күнімен бірге Арқа төсіне жаңару мен жаңғыру лебі келді. Күні кеше өңірдің барлық қала, аудандарында өңірлік сенбілік өтті. «Тазалық табалдырықтан басталады» деген қағиданы ұстанған аймақ жұртшылығы бұл күні бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ үйіміздің ажарын ашуға атсалысты.



Магжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтың әр түпкірінде техника гүрілдеп, сенбілікке шыққандардың қарасы қалың болды. Сенбілік аясында көшелер мен аулалар тазартылып, қоқыстар жиналды, жол жиектері ретке келтірілді. Қыс бойы жолдарға себілген 100 тоннадан астам құм-тұз қоспасын тазарту жұмыстары да лек-легімен жүзеге асуда. Бұл бағытта мердігер ұйымдар ғана емес, арнайы техникалар да жұмылдырылған. Көшелер мен аялдама павильондарын жуу,

жерасты өткелдерін ретке келтіру жұмыстары жанданды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарын аралап, тазалық жұмыстарының барысын бақылап шықты. Аймақ басшысы тазалық мәселесі тек сыртқы келбет емес, әрбір тұрғынның ішкі мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігінің көрсеткіші екенін атап өтті.

– «Таза Қазақстан» – бұл бір күндік науқан немесе өткініш акция емес, бұл біздің күнделікті өмір сүру салтымыз бен айналымыздағы тәртіпке деген биік жауап-

кершілігіміздің көрінісі болуы тиіс. Әрбір ауданның тазалығы, саябақтар мен гүлзарлардың ажары – тек біздің бірлескен әрекетіміз бен шынайы жанашырлығымыздың жемісі болмақ. Тазалық бар жерде ғана береке орнайтынын ұмытпауымыз керек. Қыс мезгілі артта қалды, ендігі кезек – туған өлкемізді түлету, өз босағамызды ретке келтіру. Сондықтан, әрбір жерлесімізді осы игі іске үлес қосуға, туған өңірдің келбетін жақсартуға шақырамын. Айналымыздың таза болуы – өзімізге және болашақ ұрпаққа деген құрметтің бастауы, – деді аймақ басшысы.



Қазыбек би ауданында абаттандыру жұмыстары жүйелі сипат алып отыр. Аудан әкімі Ералы Оспановтың мәлімдеуінше, биыл қаланың эстетикалық келбетін жақсартуға басымдық берілген. Бұған дейін қоршауларға ілінген гүлдер енді арнайы құмыраларға орналастырылып, көшелер мен қоғамдық кеңістіктерді көркейтуге бағытталмақ. Алғашқы гүл композициялары жақын күндері орнатылады. Егер жоба тиімділігін көрсетсе, бұл тәжірибе қала көлемінде кеңінен енгізіледі.

Ал, Әлихан Бөкейхан ауданында тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар алдыңғы қатарда. Аудан әкімдігінің мәліметінше, биыл көпқабатты үйлер аулаларындағы автотұрақ орындарын кеңейту жоспарланып отыр. Бұл – соңғы жылдары күрт артқан көлік санына байланысты өзекті мәселелердің бірі.

Бұдан бөлек, көшелерді жарықтандыру және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ. Аула аумақтарын абаттандыруда мүлік нелерінің бірлестіктері мен тұрғындардың белсенділігі ерекше рөл атқарады.

Жалпыоблыстық тазалық эстафетасын аймақтың барлық қалалары мен аудандары бір кісідей іліп әкетті. Сәуірдің ортасына дейін созылатын бұл екі айлық – облысымыздың нағыз жаңару кезеңі болмақ. Ең бастысы, жиналған қоқыстың көлемі емес, жұмылған жұрттың көңіліндегі асқақ сезім. Тазалық бар жерде – береке, бірлік бар жерде – игілік болатыны хақ.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• РЕСМИ Несие беру шектеледі

1 шілденен бастап несие беру талаптары күшейтіледі. Банкілер қарыз алушының табысын бұрынғыдан да қатаң тексеріп, оның қаржылық мүмкіндігі мен қарыз жүктемесіне ерекше назар аударады.

Биылдың I ақпандағы дерегіне сәйкес екінші деңгейлі банкілердің несие портфелі 40 трлн теңгеге жеткен. Оның 24,8 трлн теңгесі халыққа тиесілі, ал, ел бойынша 9 миллионнан астам азаматтың несиесі бар.

Егер азаматтың ай сайынғы табысының 50 пайыздан астамы несие төлеуіне жұмсалса, банк жаңа қарыз беруден бас тартуы мүмкін. Ал, табысы жеткіліксіз немесе ресми түрде расталмаған жағдайда, несие алу мүмкіндігі одан әрі шектеледі.

Несие беру талаптарының күшеюі – қаржы нарығын тұрақтандыруға бағытталған орынды қадам. Бұл өзгерістер азаматтарды шамадан тыс қарыз жүктемесінен қорғап, банкілердің тәуекелдерін азайтады. Дегенмен, табысы тұрақсыз немесе ресми тіркелмеген азаматтар үшін несиеге қолжетімділік айтарлықтай шектелуі мүмкін. Әсіресе, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен бейресми табыс табатындарға қиын соғады. Сондықтан, банкілердің табысты цифрлық түрде тексеруі қаржы тәртібін күшейтеді. Жалпы алғанда, бұл қадам ұзақ мерзімде халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді, – деді экономист Бауыржан Ысқақов.

Бұл өзгерістер, әсіресе, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен бейресми табысы бар азаматтарға, сондай-ақ, табысы толық көрсете алмайтын адамдарға қиын соғуы ықтимал. Себебі, банкілер алдағы уақытта қарыз алушының нақты табысын цифрлық деректер арқылы тексеруді күшейтіп, борыштық жүктеме коэффициентін негізгі талаптардың біріне айналдырады. Соның нәтижесінде тәуекелі жоғары клиенттерге қойылатын талаптар қатаңдап, кейбір азаматтар үшін несие алу процесі ұзарып немесе мүлде қолжетімсіз болуы мүмкін.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспий QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Технология ренессансы

Мұнда инженер мамандығы қайтадан сөнге айналып келеді. Құдды бір кешегі күндер қайта туғандай. Бірақ, мүлде жаңа сипатта. Сонымен, XXI ғасыр өзінің ғажайыптарымен қоса келді. Өндірістік кодты QaTech инженерлері жазып жатыр.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз тегінде код жазып, технология тегінің ғана енгізбейміз, біз жаңа өндірістік мәдениет қалыптастырамыз! Бұл – біздің әлемге паш етер инженерлік ұранымыз! – дейді хаб өкілдерінің бірі.

Иә, біз хабтан хабар алып тұрмыз. Қарағандыдан сөйлеп тұрмыз! Өйткені, бұл атырап төрт кластер, ондаған зертхана және шексіз мүмкіндіктер мекені. Инженерлер иін тіресіп, сандық форматтағы инновациялық идея атаулысын өндірістік шешімдер шідеріне байлап атады. Бір сөзбен мұны «Өндіріс 4.0» дейміз. Яғни, Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті аясында құрылған QaTech хабы аймақтың өндірістік секторын қайта бағдарламалауға жең түрініп кірісті. Демек, ғылым мен ірі бизнестің басын қосқан бұл алаң қалайша өңірдің цифрлық форпостына айналғанына дүрбі тастап көрейік. Елестетініз. Сіз қағаз жүзінде



қалып қойып жатқан сандаған идеяларды қас қаққанша қорытып алып, өңірдегі алпауыттар назарына ұсынып қана қоймай, зауыт-фабриканың үдерісіне теңдессіз технократтық тетік енгізіп жатырсыз делік. «Мәс-



саған, безгелдек!» дейді гой мұндайда әйгілі Кристиан Андерсен өз ертерегі ертегі емес, шынайы өмірдің өз келбеті. Сонымен, Сіз әп-сәтте идея жаратып, құндылық тарататын шебер болып, жаһанға зияткерлік шақыру жасайсыз! Ал, шынтуайтында игілік жарататын инженерлер шоғыры тау-кен ісінен бастап, экологияға дейінгі салаларды цифрландырып жатқан бұл орталық мұқым елге үлгі болып келеді. Мұны айтпағымыз, белгілей кеткеніміз ләзім.

QaTech: Болашақ инженерлер мен «ақылды» өндірістің тоғысқан жері. Ғылыми зертханадан нақты зауытқа дейінгі ең қысқа жол осы тұста. Және бұл жол ескірген кандидаттарды қылтасынан қиды. Болашаққа көпір жалғады. Ғылым мен тәжірибені ұштай түсті. Кенді кен қылатын, елді ел қылатын – екі пайыз. Сол екі пайыздың бірі осы – инженерлер, екінші пайызы – оны іске асыратындар деген ой тұжырамыз. «Бүк түсті, шік түсті!» деп асық іріп, болжам жасамайды енді кеншілер қауымдастығы.

► 3-бет

Санға сапа сәйкес келуі керек

Облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиында өңірдің денсаулық сақтау жүйесіндегі кадр тапшылығы мен медицина қызметкерлерін қолдау шараларының тиімділігі талқыланды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев төрағалық еткен жиында медицина саласындағы кадр тапшылығы мен иммунопрофилактика мәселелері талқыға түсті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта денсаулық сақтау саласын медициналық кадрлармен қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы іске асырылып, ол мамандарды даярлаудан бастап, оларды медициналық ұйымдарда тұрақтандыруға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Үш жылдық кезеңге есептелген кадр қажеттілігі айқындалып, мемлекеттік грантпен білім алып жатқан студенттердің барлығы нақты медициналық ұйымдарға бекітілген.

— 2026 жылдың басындағы мәліметке сәйкес, облыстың мемлекеттік медициналық ұйымдарында 11,4 мыңнан астам маман еңбек етеді. Оның 3,4 мыңнан астамы — дәрігерлер, шамамен 8 мыңы — орта буын қызметкерлері. Соған қарамастан, кадр тапшылығы әлі де өзекті. Әсіресе, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, педиатрлар, анестезиолог-реаниматологтар және бірқатар тар бейінді мамандар жетіспейді. Бұл мәселені шешуде негізгі басымдық өз кадрларын даярлауға берілген. Медициналық университетте интернатура және резидентура бағдарламалары бойынша, соның ішінде, облыс әкімдігінің гранттары негізінде мамандар оқытылуда. Бұл тәсіл сұранысқа ие бағыттарды кезең-кезеңімен толықтыруға мүмкіндік береді. Алдағы екі жылда 700-ден астам орта буын медицина қызметкері оқуын аяқтайды, — дейді денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжибаев.

2025 жылы мемлекеттік медициналық ұйымдарға 187 жас маман жұмысқа қабылданды. Олардың бір бөлігі ауылдық елді мекендер мен моноқалаларға жіберілген. Кадрларды тарту және тұрақтандыру мақсатында көтерме жәрдемақы, тұрғын үймен қамтамасыз ету және қосымша әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған. Тәлімгерлік жүйе де жолға қойылған. Жас мамандарға тәжірибелі дәрігерлер бекітіліп, олардың кәсіби бейімделуіне жағдай жасалуда. Бұдан бөлек, тар бейінді мамандардың аудан-аудандарға шығуы ұйымдастырылып, олар практикалық әрі әдістемелік көмек көрсетіп, жергілікті мамандардың біліктілігін арттыруға ықпал етуде.

Биыл да жаңа мамандардың келуі күтілуде. Олардың барлығы алдын ала медициналық ұйымдарға бекітілген. Қабылданып жатқан кешенді шаралар кадр тапшылығын кезең-кезеңімен азайтып, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау жүйесін білікті медициналық кадрлармен қамтамасыз ету — бүгінгі күннің өзекті міндетінің бірі. Бұл бағытта Қарағанды медицина университеті не-



гізгі кадрлық база ретінде маңызды рөл атқарып, мамандарды даярлау мен оларды өңірде тұрақтандыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

— Биыл Қарағанды медицина университетінде 8 826 студент білім алууда, оның 5 066-сы клиникалық мамандықтар бойынша. Студенттердің 23%-ы — Қарағанды облысының тұрғындары. Интернатура студенттердің 25,5%-ы мемлекеттік грантпен, басым бөлігі — 70,5%-ы ақылы негізде оқиды. Резидентурада 60,05% студент мемлекеттік грант негізінде білім алууда. Жалпы, интернатурдың бір бөлігі кейін резидентураға түсіп, мемлекеттік медициналық ұйымдарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады. Биыл 788 дәрігердің бітіруі күтілуде, оның 38%-ы — облыс тұрғындары. Түлектер хирургиялық және терапиялық бағыттар бойынша даярлануда, — деді Қарағанды медицина университетінің басқарма төрағасы ректор Бақыт Нұрғалиқызы Күшерова.

Университетте түлектерді жұмысқа орналастыру жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл жұмыс денсаулық сақтау басқармасымен және медициналық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылады. Негізгі бағыттар — түлектерді мақсатты бөлу, үш жылдық мониторинг, бос жұмыс орындары базасын қалыптастыру, жұмыс берушілермен байланыс орнату және жас мамандарды сүйемелдеу.

Нәтижесінде түлектерді жұмысқа орналастыру деңгейі 90-100%-ға жетіп отыр. Түлектерді алдын ала бөлу 20 маусымға жоспарланған, резиденттер 1 тамыздан бастап жұмысқа кіресіні. Қазіргі таңда өңірге медициналық кадрларды тарту бойынша келісімшарттар жасасу жұмыстары жалғасуда.

Өңірде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамта-

масыз ету және жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында иммунопрофилактика жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағытта профилактикалық екіпелермен қамту деңгейін арттыруға және вакцинация сапасын жақсартуға ерекше назар аударылуда.

— Қазақстанда профилактикалық екіпелер 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 Үкімет қаулысына сәйкес жүргізіледі. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында 21 инфекцияға қарсы вакцинация қарастырылған, оның 19-ы жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. 2020 жылдан бастап, пандемия кезеңінде балаларды жоспарлы вакцинациялау деңгейінің төмендеуі эпидемиологиялық жағдайға әсер етті. Соның салдарынан жекелеген жылдары қызылша, көкжөтел және «А» вирусы гепатиті бойынша сырқаттанушылықтың өсуі тіркелді. Бұл балалар арасында иммунитеті қал-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лыптаспаған топтың пайда болуымен байланысты. Кейінгі жылдары өңірде вакцинацияның қолжетімділігін арттыру және халықтың ақпараттандыруға күшейту бағытында кешенді шаралар қабылданды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша, екіпелермен қамту деңгейі 90,4-101%-ға жетіп, эпидемиологиялық жағдай тұрақтанды. Дифтерия, полиомиелит және қызамық аурулары тіркелмейді, бірқатар инфекциялар бойынша сырқаттанушылық айтарлықтай төмендеді, — деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгин.

2025 жылы Қарағанды облысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының суық тізбек жүйесін автоматтандыруға арналған пилоттық жобасына енген еліміздегі жалғыз өңір болды. Жоба вакциналардың сақтауынан бастап, қолдануға дейінгі барлық кезеңдерде сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жоба аясында 11 нысанда температуралық режимді онлайн бақылауға арналған жабдық орнатылды. Жүйе 2025 жылдың тамыз айында іске қосылып, қазіргі уақытта Денсаулық сақтау министрлігінің бақылауымен жұмыс істеуде. Алдағы уақытта өңірдің бұл тәжірибесін республика бойынша енгізу жоспарланып отыр.

Қарағанды облысында денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында жүргізіліп жатқан кешенді шаралар медициналық кадр тапшылығын кезең-кезеңімен азайтып, жас мамандарды тарту мен тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Вакцинациямен қамту деңгейінің артуы өңірдегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануына оң әсер етті. Жалпы, бұл жұмыстар халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесін көрсетеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Еріктілердің жаңа миссиясы

Жоғалған адамды табу — санаулы сағатқа тәуелді. Облыста енді дәл осындай жедел әрі кәсіби әрекетті талап ететін жаңа бағыт — іздеу жұмыстары еріктілер қозғалысының басты басымдығына айналмақ. Төрт мыңнан астам адамды біріктірген өңір еріктілері тек акция ұйымдастырып қана қоймай, шұғыл жағдайда нақты көмек көрсететін күшке айналуда.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде облыстағы волонтерлік қозғалыс әлеуметтік, мәдени және қоғамдық маңызы бар кең ауқымды бағыттарды қамтиды. Экологиялық мәселелерді шешу, қайырымдылық шаралар өткізу, білім беру бастамаларын қолдау — мұның бәрі еріктілер жұмысының үйреншікті бөлігіне айналған. Алайда, уақыт талабы бұл қызметтің мазмұнын жаңа деңгейге көтеруді қажет етуде.

Сол себепті биыл ерекше назар жедел әрекет етуді талап ететін бағыттарға аударылуда. Соның бірі — жоғалған адамдарды іздеу. Бұл тек ерікті ниетпен емес, арнайы дайындық пен нақты үйлестіруді қажет ететін күрделі жұмыс.

— Біз Астанадан және еліміздің басқа өңірлерінен спикерлерді шақырып, еріктілерге жоғалған адамдарды іздеу әдістерін үйреттік. Қазір бұл бағытты облыс аумағында дамыту жоспарда. Осылайша еріктілер іздеу операцияларында тиімді әрекет етіп, тиісті қызметтермен өзара іс-қимыл

жасай алады. Бұл тек жаппай акцияларға қатысу емес, шұғыл жағдайларда нақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді, — дейді еріктілердің өңірлік фронт-кеңсесінің жетекшісі Ардана Мырзанова.

Астанадан және еліміздің басқа өңірлерінен спикерлерді шақырып, еріктілерге жоғалған адамдарды іздеу әдістерін үйреттік. Қазір бұл бағытты облыс аумағында дамыту жоспарда. Осылайша еріктілер іздеу операцияларында тиімді әрекет етіп, тиісті қызметтермен өзара іс-қимыл жасай алады. Бұл тек жаппай акцияларға қатысу емес, шұғыл жағдайларда нақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Жалпы, өңірде волонтерлік қызмет әлдеқашан бір реттік бастамалар аясынан шыққан. Еріктілер әлеуметтік қолдау көрсетуге, спорттық және білім беру жобаларына белсенді қатысады, тіпті, төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде де алдыңғы шептен табылады.

Қарағанды қаласы еріктілердің ең ірі орталығы десек те, қозғалыс өңірдің басқа қалаларында да қарқынды дамып келеді. Теміртау, Абай, Шахтинск қалаларында жаңа бастамалар қолға алынып, еріктілік мәдениеті кенінен таралуда.

Әсіресе, Теміртауда «Күміс волонтерлік» бағытының дамуы ерекше назар аудартады. Егде жастағы азаматтардың дайындық іске белсенді араласуы — ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, өзара көмек мәдениетін қалыптастыратын маңызды құбылыс.

— Теміртауда егде жастағы азаматтар әлеуметтік, білім беру және экологиялық жобаларға қатысып жүр. Бұл еріктілік қызметтің тек жастармен шектелмейтінін, қоғамның барлық буынын біріктіретін



Күшке айналғанын көрсетеді, — дейді спикер.

Қазіргі таңда облыста 75 еріктілер ұйымы жұмыс істейді. Олар жастарды, студенттерді және белсенді тұрғындарды біріктіріп, жыл сайын 300-ден астам әлеуметтік маңызы бар іс-шара өткізеді. Нәтижесінде мыңдаған азаматқа атаулы көмек көрсетілуде.

Сонымен қатар, цифрлық волонтерлік те қарқын алып келеді. Бұл бағыт мемлекеттік органдармен және қоғамдық институттармен өзара іс-қимылды күшейтіп, еріктілер қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

2026 жылдың Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялануы да жаңа серпін бермек. Бұл бастама еріктілердің қоғамдағы рөлін айқындап қана қоймай, мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада — жаңа басшы

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болып Ғалымжан Оспанұлы Спабеков тағайындалды. Бұған дейін ол облыс әкім аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарған.



Ғалымжан Спабеков — мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, мемлекеттік қызметте 25 жылдан астам еңбек өтілі бар. Ол Теміртау қаласында ұйымдастыру жұмыстары, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы бөлімдерін басқарудан бастап, қала әкімінің орынбасары лауазымына дейінгі еңбек жолынан өткен. 2023 жылдың қазан айынан бастап, осы тағайындауға дейін Қарағанды облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарды.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тарихи межеге жетті

Қазақстан халқының әл-ауқаты мен денсаулығының басты көрсеткіші саналатын — орташа өмір сүру ұзақтығы бұрын-соңды болмаған тарихи межеге көтерілді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елімізде бұл көрсеткіш 75,11 жасты құрап отыр.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы жылдары елімізде медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға басымдық берілді. Әсіресе, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жүйесінің жаңғыртылуы ауруды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл демографиялық индикатор халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы мен денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін айқындайтын маңызды өлшем. Көрсеткіштің өсуіне елдегі жалпы өлім-жітім деңгейінің төмендеуі мен медициналық көмек сапасының артуы тікелей әсер еткен. Осы орайда, ұлт саулығының нығайтуы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басты нәтижелерінің бірі екені даусыз. Орташа жас мөлшерінің арту үрдісі алдағы уақытта еліміздің демографиялық құрылымына да оң ықпал етеді.

Бұл межеге жетудің астарында еліміздің денсаулық сақтау саласындағы іргелі өзгерістер мен кешенді жұмыстар жатыр. Алдымен, ең көп таралған қан айналымы жүйесі ауруларымен күрес нәтиже беріп, бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі орташа өмір жасының ұзаруына тікелей септігін тигізді. Сонымен қатар, онкологиялық дерттерді ерте анықтауға бағытталған заманауи скринингтік бағдарламалар мен емдеудің озық технологиялары қатерлі ісікпен күресте айтарлықтай ілгеріледі. Бұған қоса, мемлекеттің ана мен бала денсаулығын қорғауға басымдық беруі, нәрестелер мен аналар өлімін азайту бойынша жүйелі шаралары ел демографиясына оң серпін беріп, саламатты ұлт қалыптастыру жолындағы маңызды белеске айналды.

Өмір жасының ұзаруына тек ауруханалар ғана емес, халықтың медициналық сауаттылығы да тікелей әсер етті. Тұрғындар арасында спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану және зиянды әдеттерден бас тарту үрдісі белең алууда. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету аясының кенеті созылмалы ауруы бар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартты.

Министрліктің мәлімдеуінше, өмір сүру ұзақтығының өсуі — елдің даму деңгейін айқындайтын әлемдік стандарт. Қазақстанның бұл көрсеткіші бойынша 75 жастан асуы біздің мемлекеттің әлемдегі дамыған елдердің қатарына жақындап қалғанын көрсетеді.

• КЕШ

Театр тарланының мерейі

Қарағанды төрінде қазақ театр өнерінің тарланы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ерғали Жүнісбековтің 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Ғұмырын сахнамен байланыстырған саңлаққа арналған кеш көрерменге ерекше әсер сыйлады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдығын ардагер актердің шығармашылық жолына арналған әсерлі қойылым ашты. Шара барысында әсем әндер шырқалды.

Әріптестері мен шәкірттері ортаға шығып, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Өнердегі өнегелі жолы мен адами болмысы туралы естеліктер айтылып, сый-сияпаттар табысталды.

Ер-ағаның азаматтығы, адамгершілігі, кішіпейілділігі көптеген актерде жоқ. Ол кісіде дандайсу деген, көп мақтағаннан кейін асқақтау, тіпті, болмайды да, болған емес. Бұл кісінің керемет қасиеті бар. Бірнеше рет байқадым. Театрға келген соң спектакль немесе репетиция басталғанша осы театрда еңбек еткен тұлғалардың бейнесіне келіп, шетінен бастап, «Ассалаумағалейкум, Мүздеке!, Ассалаумағалейкум, Түршеке!» деп амандасады. Мен «Не болды?» деймін ғой. Ол «Мен оның көзін көрдім ғой, осы театрға келгенде жансыз бейнесіне амандасудың өзінен әйгітәуір нәр аламын», – дейді. Бұл – ағалар деген құрмет, сағыныш. Солардан үйренгеніне айтқан алғысы, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Кеңес Жұмабеков.

Ерғали Жүнісбеков бала күнен театр әртісі болуды армандаған. Ол 68 жылын өнерге арнады. Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры сахнасында талай жарқын образдарды сомдаған. Әлемдік классика «Ромео-Джульетта» трагедиясындағы Ромео, «Еңлік-Кебек» шығармасындағы Кебек бейнесі – оның шығармашылық биігін айқындайды.

Ерғали Жүнісбеков театрмен замандас, құрдас десек, артық айтпаймыз. Ол осы бекзада өнердің дамуына зор үлес қосқан талантты тұлға. Өнерді бағалайтын әр адам Ерғали Жүнісбековті де қадірлеуі керек, – деді Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Әтебайұлы.

Кеш соңында мерейтой иесі өткен өмір жолынан сыр шертіп, сахнадағы ерекше сәттерімен бөлісті. Көрерменге ақ батасын беріп, алғысын білдірді.

Жастарға жасымды, абыройымды берсін деген тілегімді айтқым келеді. Өмірдің мәнін табу үшін бойдағы қабілет пен дарынды іске асыра білу керек, – деді Ерғали Жүнісбеков.

Сурет театрдың баспасөз қызметінен

• ФЕСТИВАЛЬ

Жыр қанатындағы Қарағанды

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып, бүгінде Қарағандының брендіне айналған «Қарағанды көктемі» атты республикалық поэзия фестивалі өтті. Былтырғысына прозашылар қатысқан. Былтырғы фестиваль талай жас талантты бағын ашқан, кейбір ақынсымаққа тосқауыл болған, сол арқылы әдебиеттің арына айналған, еңбегі өзеннің ішкі піріміндей көзге көріне бермейтін сыншылар қауымына арналды. Әлия Бөпежанова, Әмірхан Меңдеке, Амангелді Кеңшілікұлы, Бағашар Тұрсынбай сынды бүгінгі әдебиеттің белді өкілдері және еліміздің түпкір-түпкірінен жырғаға жуық ақын келді. Фестиваль екі күнге созылды. Бірінші күні дөңгелек үстел мен поэзия кеші ұйымдастырылды. Екінші күні ақындар өмір тарихымен танысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальдің ашылу салтанатында қадірлі меймандарға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей лебізін жеткізді.

Бүгінгі жиынның жөні бөлек. Себебі, бұл – республика бойынша әдебиет сыншылардың тұңғыш рет басын қосқан ауқымды шара.

Ой кеңіей, көзқарас өзгермей, қоғамның сапалы дамуы мүмкін емес. Ал, мұндай өзгеріс өздігінен болмайды. Оған бағыт беретін ойды тереңдетіп, сапаны арттыратын кәсіби орта қажет. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиет сыншылардың рөлі айрықша. Бүгінгі фестиваль – дәл сондай орта қалыптастыратын маңызды алаң. Әсіресе, сөз өнерінің майталмандарымен қатар, осы басқосуға қатысып отырған 20-ға жуық жас ақын үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Мүйізі қарағайдай сыншыларымыздың дәрісін тыңдаған соң талантты жастарымыздың шығармалары көркем ойдың жаңа деңгейіне көтеріледі деп сенемін, – деді Әлібек Әлденей.

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері, Алаштың айтулы ақындары Серік Ақсұңқарұлы мен Ғалым Жайлыбай да пікірлерін білдірді. Сахнаға көтерілген әдебиет сыншылар да бұл фестивальдің мәні мен маңызына тоқталды. Әмірхан Меңдеке ұлт руханиятын көтеруде Қарағанды зор үлес қосып жатқанын алға тартты.

Қарағандыға бұрындыра іссапармен келіп жүргенде, қызылжылатын едім. Барлығы басқаша болатын. Қарағандының бүгінгі рухани ахуалын көріп, қуанып тұрған жағдайым бар. Қарағанды қазақтың рухани астанасына айналып келе жатыр екен. Алаш баласының назары жыл сайын осы қалаға ауады. «Қарағанды не істеп жатыр, не жазып, не айтып жатыр?» деп, бәріміз осы жаққа қарайлап отырамыз. Осы фестиваль сөзіміздің айқын дәлелі, – деді Әмірхан Меңдеке.

Әлия Бөпежанова Қарағандыда таланттардың шоғыры қалыптасқанын атап өтті.

Осы өңірде болашағынан үміт күттіретін таланттар баршылық. Мәселен, дәл осы сын жанрында еңбектер жазып, жарқылдап келе жатқан жастар бар еді. Өкінішке қарай, олар назардан жоғалып кетті. Дарынды жастарға қолдау көрсетуді қолға алу керек деген ұсынысымызды айтқым келеді. Бір ғана Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің өзі әдебиеттану ғылымына серпін беретін толқын тәрбиелеп жатыр деп сеніммен айта аламын, – деді Әлия Бөпежанова.

Ал, дөңгелек үстелде постмодернизмге қатысты салмақты пікір айтты.



Бүгінгі таңда постмодернизм туралы сан салалы пікірталас жүріп жатыр. Тіпті, «постмодернизм» деген термин «сәнге» айналды. Ешқандай да эстетикалық ләззат, шуақ сыйламайтын шығармалар оқырман ойын шырғаланға түсіріп келеді. Негізі, постмодернизм қазақтың дүниетанымына, табиғатына мүлде жат. Өткен ғасырлардағы ақындардың шығармаларынан постмодернизм іздеуді шығардық. Сосын, «ақынмын» деп, «ақын шындықты ту қылып ұстау керек» деп, елге, жерге қатысты аңдаусыз сөйлеуді доғару керек деп ойлаймын. Зұлмат ғасырда да Алаш қайраткерлері халқын еміреніп сүйді. Оларды жақсылыққа үндеді, – деді Әлия Бөпежанова.

Амангелді Кеңшілікұлы «бүгінгі әдебиетте сын жоқ» деп айтушыларға жауап қатты.

Сын жоқ емес, бар. Тек, сыншылар әр жазарманға, «халтурщикке» қайырыла бермейді. Жылт еткеннің бәріне сын айтып жатсақ, не қадіріміз қалмақ? Сыншылардың назарына лайықтылар ғана ілігетінін ескеріңіз. Орыс халқының әйгілі сыншысы Виссарион Белинскийдің назарына ғасырда үні қалған классиктер ғана іліктеді. Бүгінгі қазақтың сыншылары да қалам ұстағанның бәріне пікір айта бермейді, – деді Амангелді Кеңшілікұлы.

Дөңгелек үстел барысында Батырхан Сәрсенханнның әдеби панорама жобасы аясында жарық

көрген «Жасыл құс» кітабының тұсаукесер рәсімі атқарылды.

Поэзия кешінде Арайлы Жақсылық, Нұртас Тұрғанбек, Әсел Кәрібай, Батырхан Сәрсенхан, Олжас Қасым, Ажар Ерболған, Мақсат Дауылбай, Абай Ораз, Жәнібек Әлиман, Дәлдә Уәлибек, Мақсат Күземхан өлең оқыды.

Поэзия кешінде сыншылар үздік деп таныған Әсел Кәрібайға заңғар жазушы Мұхтар Мағауиннің 26 томдығы табысталды.

Фестивальдің екінші күнінде ақындар өмірдің тарихы қамтылған музейлерді аралады.

Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысындағы өкілі Жанат Жаңқашұлы бұл фестивальге өзге мемлекеттің қаламгерлері де қатысуға ықылас білдіріп жатқанын айтты.

«Қарағанды көктемінің» дүбірі шекара асып, түркі тілдес мемлекеттерге де жетті. Олар Қарағандыға келуге ниет білдіріп отыр. Осы фестиваль Қарағандының ғана емес, тұтас қазақ әдебиетінің мүддесі үшін ұйымдастырылып келеді. Сол себепті де, «Қарағанды көктемін» халықаралық деңгейге шығару туралы ұсыныстар айтылууда, – деді Жанат Жаңқашұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан

Технология ренессансы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Күт түсті!» деп мағмұрлар. Өйткені, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы жылды «Цифрландыру және жанды интеллект жылы» деп жариялады. Президенттің парасатты пәрмені өркенді өндірісшілер жұртына құдірет берді, құзырет берді. Соған сай бірқатар тапсырма да берді. Тапсырма орындалды. Өңдеу өнеркәсібіндегі 6%-дық өсім мен ондаған жаңа инвестициялық жобалар аймақтың экономикалық тұрақтылығын дәлелдеді. Облыс өнеркәсіптік революцияның эпицентрі болады. Роботтандырылған дәнекерлеу, «ақылды» шахталар мен цифрлық егіздер – бұл ғылыми фантастика десек те, облыс кәсіпорындарының күнделікті шындығы десек те жараса кетер.

Қош, енді төрткүл дүниенің төріне төрттағандап бекіген төртінші өнеркәсіптік революциясы – физикалық және цифрлық әлемдердің бір нүктеде тоғысуы. Жасанды интеллект, индустриялық интернет (IIoT), цифрлық егіздер, роботтандыру және болжамды сараптама бір арнада қозғалады. Қазақстан Республикасында бұл туралы 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде айтыла бастаған-тын. Бірақ, дәл қазіргі Қарағанды өлкесі 4.0 технологиялары нақты секторда жаппай енгізіліп жатқан басты алаңға айнала білді. Жұмысы да көл-көсір, ырысы да көл-көсір. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 1,4 трлн теңгеге жетіп жығылды. Оның ішінде, 279 млрд теңге 28 өнеркәсіптік жобаға



бағытталды. 2031 жылға дейін 4,3 трлн теңгеге 108 инвестициялық жобаны іске асырып, шамамен 11 мың жұмыс орнын ашу көзделді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев стратегиялық бағытты баса белгіледі.

– Биыл біз экономиканың өсу қарқынын кемінде 7% деңгейінде сақтауды қамтамасыз етуіміз қажет. 1,9 трлн теңге көлемінде инвестиция тарту міндетін қоямыз. Негізгі назар өңдеу өнеркәсібін дамытуға, жаңа өндірістер ашуға және кәсіпкерлікті қолдауға аударылады, – деді аймақ басшысы.

Иә, «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Төбеден төскейге орнаған «төртінші өнеркәсіп» төрге озды. Саусақ бүгелік, санамалайық. «Алтыналмас» акционерлік қоғамы «Цифрлық фабрика» аясында 11 жобаны сәтпен іске асырды.

енгізіп, өнімділікті бірден 12%-ға арттырды. «Қазакмыс» компаниясы болса, персоналды позициялау және деректерді басқару жүйелерін тізгіндеп үлгерді. Eurasian Foods холдингі және «Қазпромавтоматика» серіктестігі «ақылды қойма» және энергия менеджменті жүйелеріне еге болды. Соныра тамаң, шығындар азайды, өнімділік артты, қауіпсіздік пен экологиялық тиімділік күшейді. Несібесі артты, көсетесі көгерді, көсеуі ұзарды.

Мұнымызбен де бір аялдауға болатындай еді. Есесіне, қызықанның үстіне қызығып, ойланған үстіне ойлана тұрғанымызда сана түпкіріне «Алдымызда не күтіп тұр?», «Енді не болады?» деген сауалдар легі кесе-көлденендейді. Әлбетте, ау басында

Қазыналы Қарағанды өлкесі 4.0 технологиялары нақты секторда жаппай енгізіліп жатқан басты алаңға айнала білді. Жұмысы да көл-көсір, ырысы да көл-көсір. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 1,4 трлн теңгеге жетіп жығылды. Оның ішінде, 279 млрд теңге 28 өнеркәсіптік жобаға бағытталды. 2031 жылға дейін 4,3 трлн теңгеге 108 инвестициялық жобаны іске асырып, шамамен 11 мың жұмыс орнын ашу көзделді.

Жасанды интеллект пен толық автоматтандыру қолданыста бекіді. Сөйкесінше мұнда өнімділік пен қауіпсіздік еселеп артты. Maker жауапкершілігі шектеулі серіктестігі роботтандырылған дәнекерлеу кешендерін енгізді. Qamnet металлургиялық комбинаты диспетчерлік-аналитикалық орталығын іске қосты, цифрлық есеп жүйелерін жинаптады. «Шұбаркөл көмір» акционерлік қоғамы өкілдері автоматтандырылған басқару жүйесін

өнеркәсіп алыптарының албары кеңейе түсетіндігін көзіміз көріп келеді. Сандық технология тың шешімдерге ерік береді. Көнігі сарапшылардың пікірінше, басты мәселе – технология емес, кадрлар мен енгізу жылдамдығы. QaTech форумында айтылғандай: «Ғылыми идеяларды өндірістік шешімдерге тез айналыратын жүйе қажет».

Ал, QaTech – елдегі алғашқы 4.0 хабы. Феноменнің басты айшығы – QaTech аймақтық иннова-

циялық-индустриялық келбетінде екендігі. Хаб төрт негізгі кластерді қамтиды. Тау-кен және металлургия өнеркәсібі, көмір химиясы және жана материалдар. Өндіріс – 4.0 және автоматтандыру, экология және қалдықтарды басқару. Мақсат – ғылыми идеядан өндірісте енгізуге дейінгі жолды қысқарту. Мұнда зертханалар, әлемдік технологиялар орталығы, конструкторлық бюро және алюминий технологиялары орталығы жұмыс істейді.

QaTech – бұл өнеркәсіп, ғылым және мемлекет арасындағы жүйелі өзара іс-қимылдың тиімді құралы. Біз ғылыми идеялардың нақты сектор үшін дайын технологиялық шешімдерге желдел айналуына жағдай жасап жатырмыз. Хаб бүгінде нақты нәтижелер көрсетуде: зертханалардан бастап, кәсіпорындарда енгізуге дейінгі толық циклді қамтиды. Ең бастысы – бизнес сураныстары негізінде бірлескен жұмыс, – деп ой тұжырдды Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева.

Сонымен, зердемізде зейін шақырар соңғы сауал тұралады. «Неге феномен?» деген. Бұл сөздің де жаны бар. Қарымтасы ретінде «тоғызыншы өңір» экономикамыздың жалғыз тірегі емес болар» деген уәж де оралары нақ. Құп. Салыстыралық, салғастыралық. Алматы. «Төртінші өндірістің» екінші бір полюсі. Егер де Қарағанды ауыр өнеркәсіптің тереңдеген цифрлық феномені болса, онда Алматы цифрлық идеялар, форумдар және жоғары технологиялық сервистердің орталығы ретінде төбе көрсетіп тұр. Қарағанды

нақты өндіріс көлемі бойынша көш бастап тұр (металлургия, тау-кен өндірісі, машина жасау). Былтырдың өзінде мұнда кара металлургия, құбыр өндірісі, ферросилиций секілді ірі инвестициялық жобалар іске қосылды. Ал, Алматы – ауыр индустриясы аз аймақ. Мұнда басымдық IT, финтех, креативті индустриялар мен жеңіл өнеркәсіпке берілген. Сондықтан, Алматының өнеркәсіп өндірісі көлемі айтарлықтай төмен.

Қарағандыда өндірістің өзінде технология енгізуге бағытталған бірегей QaTech аймақтық индустриялық хабы бар (IIoT, болжамды аналитика, тау-кен көлігін автоматтандыру). Ал, Алматы болса, ірі халықаралық форумдар өтетін алаң. Соның ішінде, Digital Almaty 2025. Мұнда трендтер талқыланып, стартаптар таныстырылып, ұлттық саясат қалыптасады, бірақ, ауыр өндірісте нақты енгізудер аз. Қарағанды зауыттар мен шахталарды жаңғыртуға миллиардтаған инвестиция тартады (Qamnet, Шұбаркөл көмір, Алтыналмас және т.б.). Нәтижесінде өндіріс өнімділігі артып, қауіпсіздік деңгейі жоғарылайды. Алматы цифрлық инфрақұрылымға, дата-орталықтарға және IT-экожүйеге инвестиция тартып, елдің зияткерлік орталығына айналууда.

Демек, Қарағанды дәстүрлі өнеркәсіптің түбегейлі трансформацияланатынын дәйектеп отыр. Алматы жаңа трендтерді қалыптастырып, білім мен инновация экожүйесін құруда. Екі бірегей өңір де бір-бірін толықтырады: бірі «стемірді» ақылды технологиямен шындаса, екіншісі идея мен кадрларды қалыптастырады.

● ШАХМАТ

Шаршы тақтадағы тайталас

Қарағандыдағы Н.Әбдіров атындағы спорт сарайында республикалық «Senat Open 2026» III ашық кубогының ширек финалдық кезеңі өтті. Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан турнирге қатысушылардың саны жыл санап артып келеді. Биылдың өзінде аймақтың қала мен аудандарынан 200-ге жуық шахматшы жартылай финалға жолдама үшін бақ сынады. Турнирдің ашылу рәсімінде Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов, Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Александр Бабенко, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Берік Досымбеков қатысып, қатысушыларға ізгі тілектерін арнады.



леді. Аға буын өкілдері жастарға өнеге көрсетіп, жоғары деңгейдегі ойын үлгісін танытуда. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Қазақстан шахмат федерациясы тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың арқасында бұл зияткерлік ойын жаңа белеске көтерілді. Бүгінде еліміздің барлық өңірінде осындай ауқымды іріктеу кезеңдері жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Қарағандылықтар Жезқазған және Астана қаласында өтетін финалдық кезеңде лайықты өнер көрсетеді деп сенемін, – деді Нұркен Кобжанов.

Ойындар швейцариялық жүйе бойынша тоғыз турдан өтті. Жарыс FIDE ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып, қатысушыларға смартфон қолдануға қатаң тыйым салынды. Облыстық мәслихатының депутаты, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанованың аталған турнирге биыл үшінші мәрте қатысуы екен.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, турнирге барлық деңгейдегі депутаттар, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік қызметшілер, ардагерлер мен журналистер, құқық қорғау органдары қатысады. Ал, кәсіби шахмат жаттықтырушыларына додаға қатысуға рұқсат берілмеген. Турнир қорытындысы бойынша 35 үздік шахматшы анықталып, Ұлытау облысында өтетін жартылай финалға жолдама берілді. Ал, ақтық кезең – елордада өтеді. Аталған тізімге Қарағанды облысының әр ауданы мен қаласынан кемінде бір қатысушыдан жолдама алды.

– Жыл сайын турнирге қатысушылар саны артып, шахматқа деген қызығушылық күшейіп ке-

нен насихаттау. Жыл сайын осы зияткерлік ойынға қызығушылық танытушылар қатары артып келеді. Бұл – қуантарлық үрдіс. Біз шахматты ерекше бағалаймыз. Өйткені, ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, өзара түсіністікті арттыруға ықпал етеді, – деді Қадияша Оспанова.

Абай ауданынан келген ардагер Равиль Нуриев «Senat Open» турниріне алғаш рет қатысып отыр. Тәжірибелі шахматшы

әлемдік жарыстарды жіті қадағалап, қазақстандық спортшыларға жанкүйер екен. Әсіресе, блицтен үш дүркін әлем чемпионы Бибисара Асаубаеваның әр ойынын жібермейтін көрінеді.

– Абай қаласындағы стадионда ардагерлер жиі бас қосады. Кейде қатарымызға жастар да қосылады. Сол кезде шахмат үстінде қызу тартыс басталады. Уақытымызды қызықты өткізіп қана қоймай, тиімді пайдаланамыз. Өзім шахматтан III разрядым бар. Бос уақытым болса, өз білімімді жетілдіріп, осы шахматты жіті меңгеруге арнаймын. Әрі сондай мақсатта осындай турнирлерден қалыс қалмаймын. Өскекең ұрпақ үшін дәл осы спорт түрі пайдалы, – деді ол.

Жарыс қорытындысы бойынша жеке-жеке анықталып, оларға марапат табыс етілді. Енді жеңіске жеткен ойыншылар өз шеберліктерін Ұлытауда өтетін республикалық турнирдің жартылай финалында сынады.

Суреттерді түсірген
Нұртілеу ЕКІБАЙ



● ХОККЕЙ

Ойсырата жеңді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубының ел чемпионатының ақтық кезеңдегі қарсыласы – елордалық «Nomad Astana» клубы. Бүгінде қос клуб арасында үш кездесу өткен болатын. Жерлестер сырт алаңда өткен алғашқы екі кездесуде 5:4 және 5:2 есебімен жеңіліп қалса, өз алаңында өткен үшінші ойында қарсыластарын 7:1 есебімен ойсырата жеңді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос команда кубок үшін барлығы бес кездесу өткізеді. Яғни, қай клуб төрт кездесуде жеңіске жетсе, клуб солардың еншісінде. Егер бес ойыннан кейін нақты жеңімпаз анықталмаса, қосымша кездесулер жоспарланған. Қазіргі таңда командалардың кездесудегі жалпы есебі – 1:2. Өзірге қос ко-

манданың ойнамаған шешуші екі ойыны бар.

Алғашқы кездесуде қарағандылықтар сырт алаңда 4:5 есебімен жеңіліп қалды. Негізі, бұл ойында «Сарыарқа» қарсыластарын жеңетін мүмкіндік болған. Кездесудің негізгі уақытында қарсыластармен тең түсіп, ойын овертайм кезеңіне ұласқан. Алайда, алаң иелері жеңісті соңғы сәтте қолдан жұлып кетті. Екінші

кездесуде де қарағандылықтар бірінші болып есеп ашқанымен, жеңіс бізге бұйырмады. Осылайша, «Сарыарқа» сырт алаңда өткен екі кездесуде де жеңіске жете алмады.

Үшінші кездесу – Қарағандыда өтті. Сүйікті ойыншыларын қолдауға келген жанкүйерлердің қарасы қалың. «Қарағанды Аренада» мұз сарайында ине шаншар орын болған жоқ. Ал, «сарыарқалықтар» бұл жолы мұз айдынына тың күшпен оралды. Төреші шайбаны ойынға қосқан сәттен-ақ жерлестер шабуылға лап қойды. Нәтижесінде, ойынның сегізінші минутында Данила Карaban есеп ашты. 15-ші минутта Егор Кузьменко қарсылас қақпасынан саңылау тауып, таблодағы көрсеткішті еселеп кетті. Ойынның 35-ші минутында Егор ойындағы екінші шайбасын салған болатын. Артынша, 37-ші минутта Данила Карaban, 39-шы минутта Александр Борисевич көзге түсіп, есепті 5:0-ге жеткізді.

Алаң иелері бұнымен тоқтап қалған жоқ. Үшінші айналымда Александр ойындағы екінші, ал, Егор үшінші шайбасын салып, есепті 7:0-ге жеткізді. Қарсыластар болса, өткізген жеті шайбасына тек бір шайбамен ғана жауап қайтара алды. Қарсылас команда шабуылшысы Кирилл Ляпунов ойынның аяқталуына санаулы минут қалғанда бір шайба салып үлгерді.

Енді жерлестер 7-сі, яғни, бүгін өз алаңында төртінші кездесуін өткізеді. Ал, шешуші ойын – «Барыс» аренада өтеді.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



● ФУТБОЛ

Теңбіл доп, тең ойын

Футболдан Қазақстан Бірінші-Лига ойындары басталды. Биылғы маусымда 14 команда Қазақстан Премьер-Лигасының жолдамасы үшін сыңға түспек. Бұл қатарда қарағандылық «Шахтер» клубы да бар. Биылғы маусымның бірінші кездесуін сырт алаңда алматылық «Қайрат жастар» клубына қарсы өткізіп, 1:1 есебімен тең тартасты.

Былтыр турнирдің басты фаворитінің бірі саналған жерлестер маусымды IV орынмен аяқтаған болатын. Ал, биыл клубта үлкен өзгерістер орын алды. Клуб ойыншылары жастармен жасакталып, бапкерлік сапына да жаңадан мамандар тартылды. Айта кетейік, «Шахтер» биыл да Бірінші-Лиганың басты фавориттерінің бірі.

Былтырғы маусымда басты фаворит – «Каспий», «Ертіс» және «Шахтер» клубы еді. Бірақ, тек ақтаулық пен павлодарлық клуб қана сәтті өнер көрсетіп, жоғары дивизионға көтерілген болатын. Қарағандылықтар тағы да бір маусымға осы дивизионға қалған болатын. Былтыр алғашқы үш кездесуде жеңіске жетіп, турнирлік кестенің жоғарғы жағынан орын алған. Биыл, керісінше, алғашқы ойынды тең есеппен аяқтады. Алматылықтар былтырғы маусымды VI орынмен тәмамдаған еді. Биыл да бұл клуб азды-көпті жаңалықтар енгізіп, командасына жаңадан ойыншылар қосты.

Ойын нағыз тартысқа толы өтті. Қос команда кезек-кезек шабуыл жасап, қауіпті соққылар жауады. Десе де, екі команда қорғаушылары позицияларын сақтап,

● БАЙҚАУ

Жұлдыздарды жарқыратқан «Жұлдыз»

Қарағандыда осы көктемнің ең ірі музыкалық жобаның бірі өз мәресіне жетті. XI республикалық «Жұлдыз-2026» эстрадалық орындаушылар байқауының жеңімпаздары анықталды. Жоба Қарағанды облыс әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы байқауға Астана, Алматы, Шымкент және Қазақстанның басқа өңірлерінен 90-нан астам өтінім түскен. Іріктеу нәтижесі бойынша ақтық мәреге 20 орындаушы өтті. Байқау бағдарламасы үш күнге созылды.

Кеншілер мәдениет сарайының директоры Саят Әбдіғали байқаудың маңызына тоқталды.

– Мұндай конкурстар жастар үшін өте маңызды. Колледждерде, академияларда, консерваторияларда оқитын жастардың осы байқауда жұлдызы жанады. Қаншама жас танымалдылыққа ие болды. Биыл да сайдың тасындай іріктелген дарындылар қатысты. Бұл байқау Қарағандының мақтанышына айналды деп сеніммен айта аламын, – деді Саят Әбдіғали.

Шымкенттен келген Фарица Беймахабмет «Жұлдыз-2026» байқауының бас жүлдесін иеленді. Ол – «Хор дерижерлігі» маман-

дығы бойынша IV курс студенті. Фарица сондай-ақ, «Үздік дауыс» номинациясының иегері атанды. Болашақта вокалдық өнер сайысына қатысып, өзін жеке орындаушы ретінде дамытуды жоспарлап отыр.

Астана қаласынан келген Айдар Жазықпаев – I орын, алматылық Камила Талғатова – II орын, Жетісу облысынан қатысқан Ақжол Серікханов пен Қарағанды облысының қатысушысы Аяла Мұқшыева – III орын алды. Люция Тулешева атындағы арнайы жүлде Солтүстік Қазақстан облысынан келген Бүркіт Жанайға бұйырды.

Павлодарлық Гауһар Мұзафар мен Ұлытау облысынан келген Нұрислам Қамытбеков және Ақмола облысынан келген Бейбарыс Айтмұқанбетов дипломат атанды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



қарсыластың шабуылдарын ұтымды әрі сауатты тойтарып отырды. Нәтижесінде, таблода есеп ашылмады. Осылайша, қарағандылықтар сырт алаңда өткен бірінші ойында бір ұпай еншілеп қайтты. Ойын аяқталған соң Freedom Holding Corp. компаниясының директоры Тимур Турлов ойыншылармен кездесіп, алғашқы ойыннан алған әсерімен бөлісті.

– Алғашқы кездесуді ойдағыдай өткіздіңіздер. Тіпті, жеңіске жетуге де мүмкіндіктеріңіз болды. Біз бәріміз сіздердің жанкүйерлеріңізбіз. Стадион толған біздің жанкүйерлер. Құдды өз алаңымызда ойнап жатқандай әсер алдық. Баршаңызға алғыс айтамын. «Шахтер» командасы, жаңа маусымға оралғандарыңызбен құттықтаймын, – деді Тимур Турлов.

Команданың бас бапкері Андрей Финонченко көп мүмкіндіктерді пайдалана алмағандығын айтады.

– Қанша жыл өтсе де, «Қайрат-

тың» ойын тактикасы, философиясы өзгермейді. Алаңға шықпаса бұрын ойынның қалай өрбитінін де біліп отырдық. Алыс қашықтыққа пас жеткізу, қарымтаға шабуыл ұйымдастырады. Ойын тартысты өтті. Әуелі жігіттерге алғысымызды айтамын. Соңына дейін күресіп, есеп ашу үшін барын салды. Гол салатын мүмкіндіктерді өзіміз дұрыс пайдалана алмадық. Алдағы уақытта жіберген қателіктеріміздің орнын толтырамыз, – деді Андрей Финонченко.

Енді «Шахтер» Қазақстан кубогы аясында 9 сәуірде өз алаңында көкшетаулық «Окжетпес» клубын қабылдайды. Ал, Бірінші-Лига аясындағы екінші кездесу – «Екібастұзға» қарсы өткізеді. Бұл жолы да жерлестер қарсыластарды өз алаңында қабылдайды.

Өз тілімізден
Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күлелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Сесп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 068
№36 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРХАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ